

Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Солтүстік Қазақстан облысы

№62

Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ереже негізінде әрекет ететін Краубаев Асхат Жанбырбаевич бір тараптан және Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын "ГРАНДО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Чолоян Элбрус Грачикович, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және 2023-06-30 № 10236905-ОК1 Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1 Ұғымдар мен айқындамалар

1.1 Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) мердігер/орындаушы – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Орындаушымен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) объекті – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жұмысты орындауға жататын деп анықтаған және Орындаушы Шартта көзделген түрде Тапсырыс берушіге беретін ғимарат, құрылыс;

4) учаске – Объектінің жұмыстарды орындауға немесе жұмыстарды өндіруге бөлінген аумақ;

5) уақытша құрылымдар – Объектінің жұмысын орындау үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің жұмысы орындалғаннан кейін Орындаушы алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар.

6) Күндер-күнтізбелік күндер, айлар-күнтізбелік айлар

7) Материалдар-мердігер мен қосалқы мердігер объектіні жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттамада және/немесе техникалық құжаттамада көзделген барлық шығыс материалдары

8) "Форс-мажор" -кез келген Тараптың бақылауынан тыс болатын және Тараптардың ешқайсысы көздей алмайтын және ол туындаған кезде оны болдырмауға немесе еңсеруге болмайтын еңсерілмейтін күш немесе кедергі жағдайлары. Форс-мажорлық мән-жайлар мынадай оқиғаларды немесе мән-жайларды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: өрт, дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, тәртіпсіздіктер және т.б. мұндай мән-жайларға, атап айтқанда, нарықта Шартты орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы жатпайды.

9) "Жасырын жұмыстар" - кейінгі жұмыстарды орындағаннан немесе белгілі бір конструкцияларды монтаждағаннан кейін сапасы мен дәлдігін анықтау мүмкін болмайтын кейінгі жұмыстармен және (немесе) конструкциялармен жасырын жұмыстарды білдіреді

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



- 10) Кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі-тексеру және жұмыстарды орындауды қабылдау процесінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі
- 11) Ақау-жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі
- 12) Жабдық-объектіні жөндеу үшін уақытша учаскеде болатын мердігер мен қосалқы мердігердің барлық машиналары мен механизмдері
- 13) Кепілдік кезеңі-мердігер жөндеу объектісі пайдалануға берілгеннен кейін оның тұрақты жұмыс істеуіне кепілдік беретін мерзімді білдіреді
- 14) Жөндеу ұзақтығының мерзімі-мердігер объектіні жөндеуді аяқтауы тиіс мерзім
- 15) Құрылыс алаңы - жолға және ондағы құрылыстарға тұрақты бөлінген жерлерді және топырақ резервтеріне уақытша бөлінген жерлерді, тас, қиыршық тас-құм және құм материалдарының карьерлерін, материалдарды сақтауға арналған алаңдарды, далалық диірмендерді, кеңселерді, айналма және кірме автомобиль жолдарын, теміржол тұйықтарын және тұрақты жұмыстарды орындау үшін қажетті басқа да уақытша құрылыстарды орналастыруды білдіреді

2 Шарттың мәні

2.1 Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті:

ерекшелігі бойынша 045-028-159 KTG-14 "Советское-Ұзынкөл-Возвышенка" аудандық маңызы бар автомобиль жолы 27-37,1 км шақырымына орташа жөндеу;

2.2 Жұмыстар - KTG-14 Жобасы бойынша орындалады, онда объектінің орналасқан жері бар. Бас жобалаушы - Бас жобалаушының аты.

2.3 Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелігі (2-қосымша);

3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 714 454 046.49 (жеті жүз он төрт миллион төрт жүз елу төрт мың қырық алты тенге қырық тоғыз тиын) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 76 548 647.84 тенге (жетпіс алты миллион бес жүз қырық сегіз мың алты жүз қырық жеті тенге сексен төрт тиын)

3.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт

045 Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу бюджеттік бағдарламасы, 028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 498 172 100.00 (төрт жүз тоқсан сегіз миллион жүз жетпіс екі мың жүз тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады

045 Аудандық «Маңытөз-Басқортөз» автомобиль жолдары және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу бюджеттік бағдарламасы, 028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 498 172 100.00 (төрт жүз тоқсан сегіз миллион жүз жетпіс екі мың жүз тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады

Аудандық «Маңытөз-Басқортөз» автомобиль жолдары және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу бюджеттік бағдарламасы, 028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 498 172 100.00 (төрт жүз тоқсан сегіз миллион жүз жетпіс екі мың жүз тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

және орташа жөндеу бюджеттік бағдарламасы, 028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 216 281 946.49 (екі жүз он алты миллион екі жүз сексен бір мың тоғыз жүз қырық алты тенге қырық тоғыз тиын) оның ішінде ҚҚС 2024 жылы тіркеуге жатады.

3.3 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін, Орындаушы Заңның 26-бабына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен, авансты және (немесе) соманы қамтамасыз еткеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлемді жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты тепе-тең ұстауды есепке ала отырып, Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Орындаушының іс жүзінде есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

Орындалған жұмыстар актісінің нысанын Орындаушы алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

3.4 Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту туралы есеп;

4) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура.

4 Тараптардың міндеттемелері.

4.1 Орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 14 945 163.00 теңгеге тең осы қаржы жылы Шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 149 451 630.00 теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін, міндеттенеді, бұл жалпы алғанда мынадай 164 396 793.00 (жүз алпыс төрт миллион үш жүз тоқсан алты мың жеті жүз тоқсан үш тенге нөл тиын): әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Орындаушы тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді

4.2 Орындаушы:

1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;

4.3 Тапсырыс беруші:

1) Жұмыстарды орындау үшін Орындаушы мамандарының кіруін қамтамасыз етуге;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Орындаушыны хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге



Осы құжат электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Орындаушы жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Орындаушы тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Орындаушыны жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2 Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Орындаушы тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Орындаушыны Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5.6 Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, тиісті ауданның "жол активтері сапасының ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, "құрылыс, ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ, сондай-ақ бас жобалаушы мен техникалық қадағалау учаскеге немесе жұмыстар орындалатын немесе орындалатын кез келген басқа орынға тұрақты қолжетімділікке ие Жұмыс сапасын анықтау үшін кез келген өлшеулер, сынақтар жүргізуге, технологияны, материалдар мен

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



конструкцияларды қолдануға тыйым салуға құқылы, САПАНЫҢ белгіленген техникалық деңгейін қамтамасыз етпейтін және жобалау-сметалық құжаттамаға және/немесе техникалық құжаттамаға сәйкес келмейтін

5.7 Жобаны іске асырудың бірінші жылында негіздемемен (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлік) сәйкес смета құнының кемінде он пайызға ұлғаюы болуға тиіс) қымбаттату жөніндегі ұсыныс қабылданбайды.

5.8 Тапсырыс берушінің жобаны іске асырудың бірінші жылындағы қымбаттау себебінен жобаның сметалық құнын түзетуден бас тартуға құқығы бар.

5.9 Жобалау-сметалық құжаттаманы және/немесе техникалық құжаттаманы жасау жөніндегі шағымдар, сондай-ақ сметалық құжаттаманы түзету (құрылыс-монтаждау жұмыстарын, материалдарды ауыстыру) жөніндегі ұсыныстар шартқа қол қойылған немесе оны қазынашылық органдарында тіркеген сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қабылданады.

6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

6.2 Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

7 Кепілдік. Сапа

— 7.1 Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелерінің Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



техникалық ерекшеліктерге сәйкес болатынына, Жұмыстардың оның сапасын техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгерістерді қамтитын Жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Орындаушы беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Орындаушы материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды береді.

7.2 Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 3 мерзіміне береді.

7.3 Мердігер/Орындаушы орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Орындаушы өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Орындаушы жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

7.4 Мердігердің комиссиялық тексеруге қатысудан немесе комиссиялық тексеру актісіне қол қоюдан бас тартуы оны ақауларды жою жөніндегі міндеттемелерден босатпайды

7.5 Аралық қабылдау нәтижелері бойынша қабылданған жұмыстар бойынша кепілдік мерзімі орындалған жұмыстардың аралық актілеріне қол қойылған сәттен басталады, тұтастай объектіге кепілдік мерзімі объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілген күннен басталады

7.6 Мердігер комиссиялық тексеру актісінде белгіленген мерзімдерде кепілдік міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банк кепілдігі (сақтандыру полисі) түрінде бюджет кірісіне ұстап қалады не ұзартылған банк кепілдігін ұсынбайды.

7.7 Мердігердің кепілдік кезеңінде анықталған ақауларды жою жөніндегі міндеттемелері шарт кез келген негіздер бойынша бұзылған жағдайда тоқтатылмайды

7.8 Мердігер объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілген күннен бастап __ ай қолданылу мерзімімен орындалған жұмыстарға кепілдік паспортын береді.

7.9 Кепілдік кезеңінде жекелеген конструктивтік элементтердің немесе автомобиль жолының белгілі бір учаскелерінде ақаулар анықталған және оларды мердігер жойған жағдайда, осы элементке немесе автомобиль жолының учаскесіне кепілдік мерзімі ақауды жою жөніндегі жұмыстар аяқталған сәттен бастап қайтадан белгіленеді. Осы мән-жайлар туындаған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге осы сындарлы элементте немесе учаскеде ықтимал ақауларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауды банктік кепілдік не азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты түрінде шарттың жалпы сомасының 3% мөлшерінде кепілдік кезеңі ішінде жыл сайын ұзарту мүмкіндігімен __ айға қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті

7.10 Жаңа мердігерді айқындау және туындаған ақауларды жою бойынша Тапсырыс берушінің шығыстары осы банктік кепілдіктің (сақтандыру полисінің) сомасымен жабылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші жаңа мердігерді айқындауға және мердігерден ақауларды сот тәртібімен жоюға бағытталған қосымша шығындарды талап етуге құқылы



7.11 Объектіні комиссиялық тексеру кезінде кепілдік кезеңінде комиссия құрамына міндетті түрде мердігердің, техникалық қадағалаудың, бас жобалаушының және "жол активтері сапасының ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының өкілі енгізіледі. Комиссиялық тексеру нәтижелері мердігердің, техникалық қадағалаудың, бас жобалаушының және шаруашылық жүргізу құқығындағы "жол активтері сапасының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының актісімен ақаулардың сипатын, жұмыс көлемін, ақаулардың әрбір түрі үшін жою әдістері мен мерзімдерін көрсете отырып ресімделеді.

7.12 Объектіні пайдаланудың кепілдік мерзімі кезеңінде анықталған ақаулар мердігердің есебінен жойылады. Тапсырыс берушіден ақаулар анықталғаны туралы хабарлама алған кезде мердігер өз өкілін объектіні комиссиялық тексеру және тексеру актісін жасау үшін жазбаша хабарламада белгіленген мерзімде жіберуге міндетті.

8 Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды есептемегенде, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Орындаушыға Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Орындаушыға кешіктірілген әр күн үшін шарттың тиесілі сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артпауы тиіс.

8.3 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

8.4 Орындаушы Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін төлем жүргізеді.

8.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуосы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан Тараптарды босатпайды.

8.6 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Орындаушылардың түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн

8.7 Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді

8.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігер/Орындаушы өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы, сондай-ақ Заңның 26-бабына сәйкес Мердігер/Орындаушы енгізген соманы (бар болса қайтармайды).

8.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда (бар болса) қамтамасыз ету сомасын Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Мердігер/Орындаушы Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Мердігерге/Орындаушыға қайтарады.

8.10 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес объектіге қатысы бар барлық қызметкерлермен еңбек шарттарын міндетті түрде жасасу. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда барлық қызметкерлермен еңбек шарттары жасалады.

8.11 Тапсырыс беруші жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес жұмыстарды орындамаған жағдайда орындалмаған жұмыстар көлемінен 0,1 % (нөл бүтін бір пайыз) мөлшерінде айыппұл есептейді

8.12 Мердігер қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу (бұзу) туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

8.13 Қосалқы мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасу кезінде құрылыс алаңының аумағында және жұмыс учаскелерінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау үшін тараптардың өзара жауапкершілігін көздеу. Қосалқы мердігерлік ұйымдармен жасалған шарттарда ағымдағы Шарттың талаптары көзделсін.

9 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

9.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 жылға дейін қолданылады.

9.2 Мынадай оқиғалар өзінен кейін олардың ұлғаюы бөлігінде:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Орындаушыға нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

9.3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Орындаушы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Орындаушы Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Орындаушы күн саны күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса;



3) Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Орындаушыға Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау күн саны күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Орындаушы оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Орындаушы жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4 Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Шарт жоғарыда көрсетілген жағдаяттар себебінен жойылған кезде, Орындаушы Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзу күніндегі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.5 Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Орындаушыға Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Заңның 43-бабының 23-1-тармағында көзделген шектеулер бұзылса;

4) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстар орындалған жағдайларды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шартты жасасудан жалтарса мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9.6 Егер Шарт бұзылса Орындаушы дереу жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді

9.7 Егер Орындаушы Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

10 Хабарлама

10.1 Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2 Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енуінің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

11 Форс-мажор

11.1 Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда, оның ішінде қолданбалы заңдар мен нормативтік актілердің күшіне енуі, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2 Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді одан алуға құқығы бар.

11.3 Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

12 Даулы мәселелерді шешу

12.1 Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

12.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Орындаушы бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

13 Басқа да шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

13.3 Орындаушының таңдауы үшін негіз болып табылатын сапаның өзгермеуі мен басқа жағдайларда жасалған Шартқа:

13.4 Шарт бойынша бір Тараптың міндеттемелерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

13.5 веб-портал арқылы жасалған Шарт, бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

13.6 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Егер Мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер мердігер анықталған ақауларды түзету жөніндегі жұмыстарды орындауға қабілетсіз болып көрінсе, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен жұмыстарды тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату себептері жойылғанға дейін тоқтату туралы мердігерге өкім бере алады

13.8 Нақты орындалған жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс беруші ай сайын 25-ші күнге дейін жүргізеді. Мердігер Тапсырыс берушіге және техникалық қадағалауға жұмыстарды қабылдау күні туралы хабарлайды. Қабылдау нәтижелері бойынша мердігер орындалған жұмыстардың актісін ресімдейді, оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жібереді. Сондай-ақ, есепті кезеңде жауын-шашынның ресми расталған деректерін қоса берініз.



13.9 Егер Тапсырыс беруші мердігерден мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды объектідегі жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұраса, бұл ретте себептерді көрсете отырып, мердігер бұл адамды объектіден 72 сағат ішінде алып тастауға міндетті, содан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысы болмауы тиіс

13.10 Тапсырыс беруші шартқа қол қойылғаннан кейін мердігерге объектіні жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы және/немесе техникалық құжаттаманы береді

13.11 негізгі персоналды жұмылдыру кестесін ұсыну қажет (жоба жетекшісі, прораб)

13.12 Жасырын жұмыстарды куәландыру актісіне техникалық қадағалау, бас жобалаушы және мердігер қол қояды. Технадзордың, бас жобалаушының жасырын жұмыстарды куәландыру актілеріне немесе орындалған жұмыстардың аралық актілеріне қол қоюы мердігерді Шартта көрсетілген міндеттерден немесе жауапкершіліктен босатпайды

13.13 Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне залал келтірумен немесе залал келтірумен байланысты барлық тәуекел үшін жауап береді

13.14 Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде 30% авансты ескере отырып, материалдардың жылдық көлемін дайындау кестесін ұсыну (аванс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан). Сондай-ақ жауапты сақтау шарттарын (битум, ЖЖМ, қиыршық тас) ұсыну қажет. Немесе меншікте сақтау орны болуы керек.

13.15 Егер учаске немесе оның бір бөлігі мердігерге белгіленген күнге берілмесе және осы себепті жұмыстардың орындалуы кешіктірілсе, онда бұл жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстың аяқталу мерзімін осы учаскенің берілуін кешіктіру мерзіміне ұзартуы керек

13.16 Мердігер шартқа қол қойылғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде (немесе қосымша келісімге қол қойылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде) Тапсырыс берушіге объектіде жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері баяндалатын техникалық қадағалаумен келісілген жұмыстарды жүргізудің қол қойылған кестесін, сондай-ақ қол қойылған атқару схемасын бекітуге ұсынады.

13.17 Жұмыстар басталғанға дейін учаске басталар алдында (қозғалыстың екі жағынан) объектінің паспорты орналастырылсын (Тапсырыс берушімен келісім бойынша 1*2 метр)

13.18 Объектіні жөндеу процесінде техникалық қадағалау құқығы бар: 1) шеберханаларға, зауыттарға, сондай-ақ объектіні жөндеу үшін материалдарды дайындаудың, өндірудің және дайындаудың басқа орындарына кедергісіз қол жеткізу; 2) зертханалық зерттеу мақсатында объектіні жөндеу үшін пайдаланылатын жол-құрылыс материалдарына кедергісіз қол жеткізу; 3) мердігерден немесе қосалқы мердігерден объект бойынша қажетті атқарушылық құжаттаманы сұрату; 4) Тапсырыс берушіге хабарлау, сондай-ақ мердігерге құрылыс-монтаж және жол-құрылыс жұмыстарының немесе құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының Қазақстан Республикасының нормалары мен стандарттарының талаптарына сәйкес естігі туралы ескерту жасау. Техникалық қадағалау нұсқаулары жазбаша түрде болуы керек, егер техникалық қадағалау қандай да бір себептермен ауызша нұсқаулар беруді қажет деп санаса, онда мердігер олармен санасуы керек. Мұндай ауызша нұсқаулықты орындағанға дейін немесе кейін жазбаша нысанда растау осы тармақшаның контекстіндегі нұсқаулық болып есептеледі. Егер мердігер Технадзорға 7 күн ішінде Технадзордың ауызша нұсқаулығын жазбаша нысанда растаса және мұндай Растауды Технадзор 7 күн ішінде жазбаша нысанда жоққа шығармаса, онда мұндай нұсқаулар Технадзордың нұсқаулығы болып саналады; 5) анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жойғанға дейін технологияның бұзылуы, жобадан ауытқулар, сапасыз материалдарды қолдану анықталған жағдайда жұмыстарды жүргізуді тоқтата тұру. Бұл ретте жұмыстарды тоқтата тұру шарт бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімін ұзартуға себеп болып табылмайды; 6) жұмыс жүргізу қағидалары мен нормативтік құжаттардың талаптары жүйелі түрде бұзылған жағдайда Тапсырыс берушіге осы шартты бұзу туралы ұсыныстар енгізу; 7) бұрын аралық қабылдау актісіне қол қою арқылы қабылданған учаскелерде немесе конструктивтік элементтерде ақаулар анықталған кезде, ақауларды жою қажеттілігі туралы мердігерге хабарлау, осы талаптар орындалмаған жағдайда

Ықтимал ақауларды жою күнін кейіннен ұстап қалу.



13.19 Мердігер шартқа қол қойылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге техникалық қадағалаумен келісілген техника мен жабдықты жұмылдырудың қол қойылған кестесін бекітуге ұсынады.

13.20 Мердігер объектіде жұмыс жүргізудің қауіпсіздік техникасына толық жауап береді

13.21 Мердігерден объектіні қабылдауды Тапсырыс беруші техникалық қадағалаумен және бас жобалаушымен бірлесіп жүзеге асырады. Мердігерден объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады. Мердігерден объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап Тапсырыс беруші мердігерден және техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны сұратады. Мердігер және техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамдар Тапсырыс берушіден сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны не теріс қорытындыларды ұсынады. Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар негізінде мердігермен, техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалармен бірлесіп атқарушылық техникалық құжаттаманың болуы мен толықтығы тұрғысынан тексеруге, объектіні қарап шығуға және пайдалануға қабылдауға міндетті. Осы Шарт бойынша жұмыстардың аяқталу күні объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекіту күнімен айқындалады

13.22 Осы Шарт күшіне енген күн жұмыстардың басталу мерзімі болып саналады. Мердігер 1-қосымшаға сәйкес осы Шарт бойынша жоспарланған жұмыстардың аяқталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші Мердігерге осы Шарт бойынша орындалған жұмыстардың көлемі үшін осы Шартта көрсетілген соманы төлеуге міндеттенеді. Осы Шарт бойынша түпкілікті төлемді Тапсырыс беруші Мердігерге мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және оның Ақауларды түзету жөніндегі барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді

13.23 Мердігер Шарт сомасын ұлғайтпай жұмыс жүргізу кестесінен артта қалған жағдайда екі ауысымды жұмыс режиміне көшу туралы растайды.

13.24 Мердігерлік жұмыстар процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жобалау-сметалық құжаттамада және/немесе техникалық құжаттамада көрсетілген барлық қажетті техника жүргізушілермен және операторлармен қамтамасыз етіле отырып, құрылыс алаңында жарамды техникалық жағдайда болуға тиіс. Бұл ретте жүк автомобильдері оське 8 т жүктемеден аспауы тиіс.

13.25 Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі әрбір төлемнен 1-қосымшаға сәйкес барлық жұмыстар аяқталғанға дейін орындалған жұмыстардың 5% сомасындағы қаражаттың бір бөлігін ұстайды. Ұсталған сома мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан және бекітілгеннен және сақтандыру полисі ұсынылғаннан кейін төленетін болады

13.26 Шарттың орындалуын қамтамасыз ету және банк кепілдігі не азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты түріндегі аванс берілген жағдайда өнім беруші Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне беруге міндетті.

13.27 Тапсырыс беруші осы Шарт күшіне енген сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде объектіні және учаскені қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы мердігерге береді. Бұл ретте қабылдау-тапсыру актісі берілетін жасанды құрылыстардың тізбесін қоса алғанда, объектінің толық сипаттамасын қамтуға және мердігердің жөндеу кезеңіне көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету міндеттемесі туралы тармақты қамтуға тиіс. Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды жүргізуге бөлінген барлық учаскені пайдалануға рұқсат береді



13.28 Орындалған жұмыстарды аралық қабылдау мердігерден оларды түпкілікті қабылдау сәтіне дейін осы жұмыстардың сақталуы үшін жауапкершілікті алып тастамайды. Мердігер өз есебінен орындалған жұмыстарды аралық қабылдау сәтіндегідей күйде ұстауды қамтамасыз етуге тиіс.

13.29 Мердігер жұмыстарды жүргізудің барлық кезеңіне тән нүктелер мен пикеттердің пикетаждық позицияларын бекіте отырып, трасса осінің егжей-тегжейлі бөлінуін сақтауға міндетті.

13.30 Жұмыс басталғанға дейін объектіде техникалық қадағалау мен авторлық қадағалауға қол жеткізе отырып, атқарушылық құжаттамаларды жүргізу және сақтау үшін кеңсе (вагон, жұмыс орны бар үй) ұйымдастырылсын.

13.31 Кестеде мердігердің өз қаражаты есебінен учаскенің қысқы күтімі бойынша жұмыстарды көрсету қажет. (екі жылдық шарттарда)

13.32 Жұмыстарды жүргізу кестесінде олардың құнын көрсете отырып және Тапсырыс берушінің қаржыландыру жоспарына байланыстыра отырып, ай сайын орындалуы жоспарланған жұмыстардың нақты көлемі қамтылуға тиіс (асфальтбетон жабынын төсеу жөніндегі құрылғыны 30 қыркүйекке дейін; барлық жұмыстарды 30 қазанға дейін аяқтау).

13.33 Шартқа қол қойылғаннан кейін бірінші төлемді алғанға дейін мердігер Солтүстік Қазақстан облысының аумағында салық төлеуші ретінде тіркелген, мердігердің барлық функцияларын жүзеге асыратын филиал ашуға тиіс (мердігер Қазақстанның басқа облысында тіркелген жағдайда).

13.34 Егер Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша дауларды бейбіт жолмен шеше алмаса, онда Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады (Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша - СҚО, Петропавл қ.).

13.35 Мердігер жұмыстарды кестеде көрсетілген мерзімде орындау үшін сметалық құжаттамада көрсетілген жол-құрылыс техникасының болуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте жабдық пен техника басқа объектілерге тартылмауға тиіс.

13.36 Тапсырыс беруші осы Шарт күшіне енген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде мердігерге жұмыс жүргізу құқығына ордер беруге тиіс (не техникалық қадағалаумен Шарт күшіне енген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде)

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Северо-Казахстанская область, Район Магжана Жумабаева, г.Булаево, Абая Кунанбаева, 24
БСН 050140007653
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ07070103KSN4803000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 8(715)31-5-30-45
Басшысы Краубаев Асхат Жанбырбаевич

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
"ГРАНДО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Северо-Казахстанская область, г.Петропавловск, ИМ.ПАНФИЛОВА, 294Б
БСН/ЖСН 180640015044
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ466010251000095821
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87054640715
Басшысы Чолоян Элбрус Грачикович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - Банкілік сәйкестендіру коды және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 10236905-1
 Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
045-028-159 : Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу							КТGY-14 "Советское-Ұзынкөл-Возвышенка" аудандық маңызы бар автомобиль жолы 27-37,1 км шақырымына орташа жөндеу					
61432756-OK2	"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Автомобиль жолдарын жөндеу бойынша жұмыстар	Автомобиль жолдарын жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар	КТGY-14 "Советское-Ұзынкөл-Возвышенка" аудандық маңызы бар автомобиль жолы 27-37,1 км шақырымына орташа жөндеу	Жұмыс	1	714 454 046.49	құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт күшіне енген сәттен бастап 4,3 ай ішінде	құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт күшіне енген сәттен бастап 4,3 ай ішінде	Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы (1)	30	498 172 100.00

61432756-OK2	"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Автомобиль жолдарын жөндеу бойынша жұмыстар	Автомобиль жолдарын жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар	КТГҮ-14 "Советское-Ұзынкөл-Возвышенка" аудандық маңызы бар автомобиль жолы 27-37,1 км шақырымына орташа жөндеу	Жұмыс	1	714 454 046.49	құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт күшіне енген сәттен бастап 4,3 ай ішінде	құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт күшіне енген сәттен бастап 4,3 ай ішінде	Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы (1)	30	216 281 946.49
--------------	--	---	--	--	-------	---	----------------	---	---	--	----	----------------



Договор о государственных закупках работ, не связанных со строительством

Северо-Казахстанская область

№62

коммунальное государственное учреждение "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района Магжана Жумабаева Северо-Казахстанской области", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Краубаев Асхат Жанбырбаевич, действующий на основании Положения, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "ГРАНДО", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Исполнитель», от лица которого выступает Руководитель Чолоян Элбрус Грачикович, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом Открытый конкурс от 2023-06-30 года № 10236905-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках работ (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Понятия и определения

1.1 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

